

Зат есімді пысықтауға арналған жаттығулар

1-жаттығу. -шы/-ші жұрнақтарымен зат есім жасаңыз және оларды орыс тіліне аударыңыз.

Аң "зверь", әдебиет "литература", би "танец", егін "посевы", ем "лечение", жұмыс "работа", қобыз "қобыз - народный музыкальный инструмент", мал "скот", қой "баран", сату "продавать", үгіт "агитация", өтірік "ложь".

2 - жаттығу. -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтарымен зат есім жасап, орыс тіліне аударыңыз.

Дос "друг", жолдас "товарищ", жазушы "писатель", бала "ребенок", қала "город", әке "отец", аға "старший брат", ана "мать".

3-жаттығу. -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес жұрнақтарымен зат есім жасап, орыс тіліне аударыңыз.

Ауыл "аул", құрбы "сверсник", жер "земля", курс "курс", қызмет "служба", жұмыс "работа", жол "дорога", қалам "ручка".

4-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтардың бірін қойып орыс тіліне аударыңыз.

1. Сәрсеннің әкесі - аң..., ағасы - жазу..., өзі - оқу... 2. Менің әкем - балық..., ағам - қой..., апам - сату... 3. Біздің дос...мыз берік. 4. Ол маған жолдас... көмек көрсетті. 5. Ол қазір қала... болды. 6. Ол менің қызмет... 7. Біз олармен жер...міз. 8. Сіз маған әке... қамқорлық көрсеттіңіз.

5-жаттығу. Ауызша аударыңыз. Туынды зат есімдердің жасалуын түсіндіріңіз.

Менің әкем - қойшы. Ол ауылда қой бағады (пасет). Әкемнің үш баласы бар. Ең үлкен баласы Әсет - малшы. Ол ауылда сиыр бағады. Ортаншы (средний) баласы - Өтеген қалада тұрады. Ол - жұмысшы. Ең кіші баласы Кәрім - оқушы. Ол бесінші класта оқиды. Шещем - сауыншы. Менің атым - Әсемгүл. Мен есепші - бухгалтермін (бухгалтер-счетовод).

6-жаттығу. Қазақ тіліндегі баламасын беріңіз. Олардың қалай жасалғанын көрсетіңіз.

Восток, запад, фрукты, овощи, рукопись, желудок, железнодорожный, аэропорт, библиотека, юг, север, простыня, родители, посуда, зонтик, автостоянка, семья, обувь, белье, взгляд, конина, Ақтобе, Талдықорған, Қызылорда, Кокшетау, Алатау, Ақтау, Ақсу, Кентау, Экибастуз, Темиртау, Баянаул, Сарыарқа, Жетысу, Каратау, Сарыозек, Жезказған, Алмалыбақ, Қызылжар, Уштобе, Ақтобе, Узунагач, Иссык-Куль, Ақсай.

7-жаттығу. Мына сөздерді аударып, сөйлем құраңыз.

Писатель, продавец, рабочий, животновод, дружба, одноклассник.